

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық
қамтамасыз ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов

« ____ » _____ 2019 ж.

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

ТТЗ 3306 «Трасология және трасологиялық зерттеу»

пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 3

Семестр: 5

Кредиттер саны – 2

Дәрістер – 8 сағат

Практикалық сабақтар – 22 сағат

Рейтингтік бақылаудың саны (МБ): 2

КООЖ- 15 сағат

КӨЖ – 45 сағат

Бақылау жұмысы (криминалистикалық зерттеу)

Емтихан – 5 семестр

Қарағанды 2019

**5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған
«Трасология және трасологиялық зерттеу» пәні бойынша жұмыс оқу
бағдарламасы (SYLLABUS).**

Құрастырғандар:

А.Б. Жакулин, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

А.Ж. Жүнүсова, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының доценті.

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Трасология және трасологиялық зерттеу
4. Кредиттер саны	2
5. Сабақты өткізу орыны	307, 308, 315 оқу аудиториялары
6. Дәріскер	Кафедра доценті, з.ғ.м. А.Ж. Жүнүсова Кафедра аға оқытушысы, з.ғ.м. Р.С.Булатов «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 3-39; 30-33-88
7.Сабақты жүргізетін оқытушылар	Кафедра доценті, з.ғ.м. А.Ж. Жүнүсова Кафедра аға оқытушысы, з.ғ.м. Р.С. Булатов Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасы ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 3-39; 30-33-88

2.2 Пререквизиттер: Осы курс басталмас бұрын курсанттарда базалық заң пәндерін оқып-үйрену процесінде алған жалпы құқықтық және теориялық білімдер болуы қажет.

2.3 Постреквизиттер: Осы курсты оқығаннан кейін келесіні оқу қажет:

«Тергеу іс-әрекеттерінде маманның қатысуы»

«Баллистика және баллистикалық зерттеу»

Міндетті түрде өндірістік тәжірибеден өту.

2.4 Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Трасология және трасологиялық зерттеу» оқу пәні трасологиялық іздерді жедел-криминалистикалық зерттеуді теориялық- құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету сұрақтарын зерделейді. Осы оқу пәні трасология және трасологиялық зерттеу саласында жоғары кәсіби мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді және маман-криминалистерді даярлауды қамтамасыз ететін пәндер мен арнайы курстар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – курсанттардың бойында кешенді теориялық білім негізінде, зерттеулер жүргізу барысында трасологиялық іздер мен материалдық объектілерді табу, бекіту, алу және зерттеудің әдістері мен

тәсілдері, криминалистикалық құралдарды қолдана білу бойынша Практикалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- трасология және трасологиялық зерттеулердің түсінігі, заты және жүйесі; трасологиялық зерттеулер шешетін міндеттер; трасологиялық зерттеулер объектілерін жедел-криминалистикалық зерттеу әдістемесінің ережелері; маманның қорытындысының құрылымы мен мазмұны; зерттеулер нәтижесін ресімдеу тәртібі туралы білім алу;

- курсанттардың бойында жүйелік және салыстырмалы талдау жасай білуді; өнімді де сындарлы ойлау нысанын; өз қызметін рефлексиялай білуді дамытуды; маман-криминалист кәсібі саласында өзін үздіксіз дамыту қабілетін қалыптастыру және дамыту;

- курсанттардың бойында тұлға аралық коммуникация қабілетін, зерттеулер жүргізу барысында командада жұмыс жасай білуді қалыптастыру;

- курсанттардың бойында трасологиялық зерттеу жүргізе білуді; зерттеулер жүргізу барысында идентификациялық, классификациялық, диагностикалық және ситуалогиялық міндеттерді шеше білуді қалыптастыру.

Тәрбиелік міндеттер: келесілерді үйренуге бағытталған:

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді қамтамасыз ету барысында заңдылық, әлеуметтік ақиқат пен рухани тазалық қағидаларының маңызын терең ұғына білу.

Қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу және тергеп-тексеру тәжірибесі үшін криминалистикалық білімдерді, әдістер мен құралдардың ролін түсіне білу.

Әрбір курсанттың біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу арқылы өз кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсінуі.

Оқытудың нәтижесі:

Оқу пәнін оқыту нәтижесінде курсант келесілерді **білуі тиіс:**

- трасологиялық іздердің пайда болу механизмі мен жіктелуін;

- оқиға болған жерде трасологиялық іздерді табу, бекіту және алуды;

- трасологиялық зерттеулердің жалпы және жеке әдістемесін;

- келесі іздердің жалпы және жеке белгілері: аяқкиім, көлік құралдары; тіс, киім, сындыру құралдары мен аспаптары; құлыптар мен бекіту-пломбалық құрылғыларды майыстыру және бұзу; көп мөлшерде дайындалатын бұйымдардағы өндірістік механизмдер;

- қылмыстардың іздерін жасыру тәсілдері мен оларды анықтаудың криминалистикалық әдістері;

Келесілерді жасай білуі тиіс:

- трасологиялық іздердегі жалпы және жеке белгілерді анықтау, олардың идентификациялық маңызын бағалау;

- трасологиялық іздерді табу, бекіту және алу;

- іздердің пайда болу механизмі мен жағдайларын диагностикалау, іздердің болған оқиғаға қатысын барлығын анықтау;

- әртүрлі объектілерді олардың із бейнелері бойынша топқа жататындығын анықтау және идентификациялау;

- із қалдырған объектінің қасиеті мен белгілерін анықтау;
- іздің қалдырылуы кезіндегі мән-жайларды анықтау;
- трасологиялық зерттеу жүргізудің әдістемесін қолдану;

Келесілерді меңгеруі қажет:

- трасологиялық іздерді табу, бекіту және алу дағдыларын;
- трасологиялық зерттеу бойынша маманның қорытындысын ресімдеу дағдыларын.

2.5 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг шкаласына сәйкес)	Бағдар (рейтинг шкаласына сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық сабақта ауызша жауап беру	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес	Ұсынылған тақырып бойынша әдебиеттерді қолдану	Ағымдық бақылау (жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Ауызша жауаптары барлық сабақ тақырыптары бойынша 100 баллға дейін бағаланады	Жауабы журналға сабақта бағаланады	Сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КОӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес (силлабус)	Ұсынылған тақырып бойынша әдебиеттерді қолдану	Ағымдық бақылау (КОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Ауызша жауаптары әр тақырып бойынша 100 баллға дейін бағаланады	Жауабы журналға сабақта бағаланады	КОӨЖ сабақтарының жоспарына және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	Бақылау сұрақтары	Семестр бойынша дайындалу	Аралық бақылау (тест тапсырмалары)	100 баллға дейін	Жауабы «Плато нуста» бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Бақылау жұмыс (криминалистикалық зерттеу)	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес	Бүкіл оқыту кезеңі ішінде орындалады	Ағымдық бақылау (бақылау жазбаша жұмыспен бағаланады)	100 баллға дейін	Бақылау жұмысы журналда бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

5	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	100 баллға дейін	Жауабы емтихан да бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
---	--------------------	-------------------	--	-------------------	------------------	------------------------------	----------------------

2.6 Курстың саясаты

«Трасология және трасологиялық зерттеу» пәнін зерделеу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.

2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.

3. Өтемдер қабылданбайды, курсант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша немесе бұрын дайын болмаған тапсырмалар бойынша кез келген сұраққа жауап беруге дайын болу.

4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.

5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.

6. Оқу процесіне белсенді қатысу.

7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

2.7 Ұсынылатын әдебиет тізімі

№ р	Атауы	Шығарылған жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	30 тамыз 1995 жыл (2019 жылғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2.	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	04 шілде 2014 жыл (2019 жылғы берілген өзгерістермен толықтырулармен)
3.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.	03 шілде 2014 жыл (2019 жылғы берілген өзгерістермен толықтырулармен)
4.	ҚР ІІМ № 75 «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21 шілде 2014 жыл. (2018 ж маусым айына сәйкес)
5.	«Қазақстан-2050» Стратегиясы.	Қазақстан халқына жолдау. 14 желтоқсан 2012 жыл. «Рухани жанғыру» жобасын орындау.
2. Негізгі әдебиеттер		
6.	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
7.	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.
8.	Криминалистика. Учебник. Под ред. профессора Н. П. Яблокова. 2-издание	М., ЮРИСТЪ 2000 г. – 718 с.

	переработанное и дополненное.	
9.	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Караганда: Болашак-Баспа, 2009. – 813 с.
10.	Алесковский, С. Ю. Нетрадиционная криминалистика: Учебное пособие / С.Ю. Алесковский, А.Ф. Аубакиров.	Алматы: 2003.-210с.
11.	Гинзбург А.Л., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности.	Алматы, 1998 г.
12.	А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко Криминалистическая цифровая фотография.	Алматы, 2001 г.
13.	Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. Общая и частные теории.	М., «Юрид. лит.», 1987. – 271с.
14.	Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории к практике.	М.: Юрид. лит., 1988. – 304с.
15.	Кантор И. В., Ярмак В. А., Жигалов Н. Ю. «Трасология и трасологические исследования»	Волгоградская Академия МВД 2002.
16.	Белкин Р.С. Криминалистический букварь.	М.: Юристъ, 1997. – 112с.
17.	Бедрин В.С. Компьютерные технологии в организации профессиональной деятельности эксперта-криминалиста.	Волгогр. акад. - Волгоград: ВА МВД России, 2004. - 20 с.
18.	Бондаренко А.А. Современные технологии фиксации следов на месте совершения дорожно-транспортного происшествия.	Всероссийская науч.-практ. конф. "Современные проблемы борьбы с преступностью": сб. материалов (юрид. науки). – Воронеж: Изд-во Воронеж. ин-та МВД России, 2005. - С. 10-11.
19.	Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике.	Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова,2014.-137с.
20.	Шакенов А.О., Шарипов С.Р., Еленюк А.Г., Жунусова А.Ж. Справочник следователя.	Караганда, 2015. — 379 с.
3. Қосымша әдебиеттер		
21.	Брушковский К.Б., Дильбарханова Ж.Р. и др. Криминалистическое оружиеведение: исследование огнестрельного оружия.	Алматы, 2004. – 281с.
22.	Захарин С.И. Информационное обеспечение расследования и деятельности по установлению разыскиваемых лиц, предметов и орудий преступления с помощью компьютерных технологий: учеб. Пособие.	Волгогр. акад. - Волгоград, 2005. - 90 с.
23.	Порубов Н.И., Грамович Г.И., Порубов А.Н. Криминалистика.	Высшая школа (Минск) - 2007, 575 с.
24.	Беляев Г.А., Калашников А.Н. Методы технико-криминалистического исследования документов.	Волгоград, 1987г.
25.	Морозов Б.Н. Использование криминалистической фотографии при расследовании преступлений.	Ташкент 1990 г.
26.	Аубакирова, А. Фиксация доказательств в	Алматы, 2000.-198с.

	криминалистике и судопроизводстве: Учебное пособие / А.Аубакирова; Под ред. А.Ф.Аубакирова.	
	4. Ғаламтор көзі	
27.	http://adilet.zan.kz/rus - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	
28.	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА -КА МВД РК им.Баримбека Бейсенова	
29.	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	
30.	http://prokuror.kz – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы	
31.	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика комитеті	
32.	www.zakon.kz – Қазақстан Республикасының Заңы	
33.	http://stat.kz – Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі	
34.	http://prg.kz/ - «Параграф» Ақпараттық жүйесі	

2.8 Пән бойынша сабақтарды жүргізудің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырып номер	Тақырып атауы	дәріс	Семинарлық	Практикалық сабақтар	КООЖ	КӨЖ
1	1	Трасология: Жалпы ережелері. Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері.	1		1	1	4
2	2	Іздер туралы криминалистикалық ілім. Трасологиялық идентификациялау мен диагностикалаудың негіздері	1+1		1+1	1+1	9
3	3	Адам аяқтарының іздерін зерттеу.	1		1+2+1	1+1	6
4	4	Аяқкиім іздерін зерттеу	1		2+2+2+1	1+1+1+1	7
5	5	Адамның тістерінің іздерін зерттеу	1		2+1	1+1	5
6	6	Киім іздерін зерттеу	1		2+1	1+1	7
7	7	Киімдегі зақымдануларды зерттеу	1		2	1+1	7
Барлығы			8		22	15	45

2.9 Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

№ 1 тақырып. Трасология: жалпы ережелері. Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері.

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Сот трасологиясының заты, объектілері мен міндеттері.
2. Трасология бөлімдері және әдістер жүйесі.

Дәріс тезистері

Трасология – іздер туралы ілім (француз тілінде «trace» – із, және грек тілінде «logos» – үйрену, сөз). Криминалистиканың саласы бола тұра, бұл жаратылыстану және техникалық ғылымдармен үнемі қарым-қатынаста және тығыз байланыста болады.

Трасологияның пайда болуы ертеректе, яғни із кесушілер мен іздеушілердің ерекше топтары құрыла бастаған сәттен бастап, Ежелгі Үнді мемлекетінде басталды. Бұл топ «кхойя» деп аталды. «Іздерді оқу» өнеріне жауынгерлер мен аңшыларды үйретті. Бұл дағдылар ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында әскерлерде, әсіресе шекаралық әскери бөліністерде дамып қолданылды.

Трасология – криминалистік техниканың жеке саласы ретінде 20-ғасырдың басында құрылды. Алғашқы рет «трасология» терминін профессор М.Н.Гернет 1936 жылы пайдаланды, ал 1938 жылы профессор И.Н.Якимов алғашқы рет іздер туралы бөлімді «трасология» деп атауды ұсынды.

Трасология – бұл ізтанудың теориялық негіздерін, қылмыстың механизмін айқындайтын іздердің пайда болу заңдылықтарын зерделейтін, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және олардың алдын алуда елеулі маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында іздерді табудың, оларды бекітудің, алудың және талдау жүргізудің әдістері мен құралдары жөніндегі ұсынымдарды жасап шығаратын криминалистикалық техниканың саласы.

Трасологияның мақсаты болып келесілер табылады:

- қалдырылған іздер бойынша объектілердің тектілігін (топтылығын) тиістілігін анықтау;
- объектілерді олардың іздері және бөлшектелген бөліктері бойынша анықтау;
- іздердің пайда болу механизмі.

Криминалистік техниканың саласы ретіндегі трасологияның міндеттері:

- қылмыстарды тергеп-тексеруде трасологиялық іздерді қолданудың теориялық негіздерін жасап шығару;
- іздерді табу, бекіту және алудың ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін жасап шығару;
- іздерді зерттеудің құралдары мен әдістерін жасап шығару.

Қазіргі уақытта криминалистикада басқа да ғылымдардағыдай жалпы философиялық және ғылымтану жіктемесіне негізделген келесідей әдістерінің құрылымы қабылданған:

1. Диалектикалық әдіс – бұл өзіне диалектикалық (философиялық) логиканың санаттары мен заңдарын және танымның формальдық логикалық әдістерін кіргізетін ғылымның жалпыға бірдей әдісі.

2. Жалпы (жылпығылыми) әдістер.

3. Басқа ғылымдардан алынған және криминалистиканың міндеттері үшін творчестволық бейімделуді кіргізетін криминалистиканың арнайы әдістері.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15 (2.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Іздер туралы криминастикалық ілім. Трасологиялық идентификациялау мен диагностикалаудың негіздері (2 сағат)

№1 дәріс жоспары (1 сағат)

1. Іздердің түсінігі және олардың жіктелуі (классификациясы).

2. Іздерді табудың жалпы ережелері, оларды алу және бекіту.

Дәріс тезистері

Криминастикалық зерттеудің (білім жүйесі ретінде) теориялық бөлімнің бірі - іздердің криминастикалық ілімі болып табылады. Бұл ғылымның түрін трасология деп атайды. Оған криминастика іздерінің түсінігі, олардың жүйесі, іздермен жұмыс істеудегі әдістер мен тәсілдер жатады.

Із дегеніміз - қоршаған ортада қылмыс жасаудың салдарынан, немесе қылмыс жасауға дейінгі әртүрлі өзгерістер.

Трасологияның жүйесіне жалпы ережелермен бірге, іздерді зерттеу жатады. Олар:

- қол іздері;
- тіс іздері;
- аяқ іздері;
- құрал-сайман, өндіріс механизмдері, бекіту құрылғыларының іздері;
- көлік іздері (көлік трасологиясы).

Біздің ойымызша және (И.Ф.Крыловтың ойы бойынша) трасологияға рационалды болып іздердің пайда болу механизмінің жүйесі болып табылады. Осы жүйеге сәйкес келесі іздерді бөліп көрсетеді: көлемді, устіртін, статикалық, динамикалық, локалдық және перифериялық.

Қылмыс іздері дәлелдемелер мәліметінің қайнар көзі болып табылады. Оларды зерттеу арқасында көптеген маңызды міндеттемелерді орнатуға болады: қылмыс болған жерге нақты тұлғаның келуі, оның іс-әрекет тәсілі, қылмыскерлердің саны және жеке қасиеттері (жынысы, жасы, физикалық жетіспеушіліктері), қылмыс қаруының түрі және ерекшеліктері, қолданылған көліктің моделі, нақты және басқа да көптеген мән жайлар.

Оқиға болған жерді қарап-тексерудың тиімділігі- оқиға болған жерді қарайтын құқық қорғау органдары қызметкерінің іздерді алуға байланысты біліміне байланысты болады.

Іздерге байланысты мәлімттерді жоғалтып алмау үшін және оларды дәлелдемеге қолдану үшін белгілі бір тактикалық және техникалық білімді қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес біліп қолдану қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15, 16, 17 (2.7 бөлім).

№2 дәріс жоспары (1 сағат)

1. Трасологиялық идентификациясының негіздері.
2. Трасологиялық диагностиканың негіздері.

Дәріс тезистері

Сотпен және сотқа дейінгі тергуді жүргізетін қызметкерлер объективті жағынан нақты дәлелдемелерді қолдануы заңда көрсетілген. Осындай дәлелдемелерге трасологиялық зерттеудің (экспертиза) қорытындысы жатады.

Қылмысты тергеу барысында адамның ізге қатысты байланыстарын болған оқиғаға қатысты білу қажет болады. Аяқ, қол іздеріне қарап, оқиға болған жерде болған адамның түрін анықтайды; көлік іздеріне қарап, жоғалып кеткен автокөлікті іздейді.

Барлық келтірілген жағдайлардың мәні- ізін қалдырған нақты объектіні табу (идентификация). Алайда екі мағына (объект және келбет көрінісі) кең мағынада қолданылады. Объект деп- адам, оның киімі және аяқ киімі, қылмыс қаруы, көлігі т.б. жатады.

Объектті идентификациялау- адамның қалдырған келбетін қолдану арқылы оның өзіне ұқсастығын табу.

Объекттің ұқсастығы немесе үйлестігі- ол ең бірінші басқа салыстырмаларға қарағанда өзінің қайталанбастығы, жекешелігі.

Идентификация термині латын тілінің *iden*-қайталама, үйлестік және *faceze*- жасау сөздерінен шыққан.

Сондықтан идентификациялау дегеніміз - сол объектіні (адам, зат) ұқсастау, табу; немесе ұсталған адам- ол қылмыс жасағаны үшін іздеуге берілген тұлға; қарап-тексеру кезінде алынған тапанша, ол жәбірленуші өлтірілген қару; ұсталған тұлғадағы тері пальтосы және электрондық сағат жәбірленушіге тиесілі және т.б.

Мұндай идентификацияларды және ажыратуларды табу- сәйкестендіру немесе үйлестіру болып табылады.

Идентификация міндеттері - трасологиялық зерттеуге байланысты адамның, қарудың үйлестіруін табу, жануарлардың және қарулардың қалдырған іздеріне сәйкес бөлшектеп қалдырған іздерін бүтіндеп табу.

Диагностикалық міндеттер қасиеттер мен жағдайларды табуға бағытталған; идентификациялауға жарайтындығын анықтау; іздердің пайда болуына байланысты уақыт пен механизмінің орын табуы; сыртқы, ахуалды (объектілердің уақыты, орны, функциясы); процестің пайда болу және өту механизмі (объектілердің өзара әрекеттесуі және тағы басқалар).

Объектілердің классификациялық міндеттері белгілі бір сыныпқа, топқа, руға жатқызу туралы сұрақтардың шешімін көздейді:

Аяқ киімнің белгілі бір стандартты классқа жатқызылуы.

Қалдырған іздерге сай қару түрін анықтау.

Табылған ізге немесе саймандарға қатысты көлік құралының түрін анықтау және т.б.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17 (2.7 бөлім).

№ 3 тақырып. Адам аяқтарының іздерін зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Адамның жалаң аяқ іздерінің алынуы, табуы және бекітілуі.
2. Трасологиялық зерттеудің жалпы әдістемесі. (Адамның жалаң аяқ ізін сәйкестендіру методикасы)

Дәріс тезистері

Оқиға болған жерде адамның жалаң аяқ табан іздері аз кездеседі. Осыған орай мамандар оны зерттеуде көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Көбінесе ол осындай іздердің сипатталған фрагменттеріне байланысты. Адам аяғының табан іздерін және із құраушы учаскелерін дұрыс сипаттау үшін оның құрылымын білу қажет, соның ішінде ұлтан бөлігін.

Адам аяғындағы табан терісі алақандағыдай екі негізгі қыртыстардан тұрады: төменгі-дермадан (терінің өзі), үстіңгі-эпидермис (иерінің үстіңгі қабаты).

Табан жалпы алғанда адамның тірек-қозғалыс дистальді (перифериялық) аппаратының маңызды элементі болып табылады, сонымен қатар, бірқатар қызмет атқарады: тірек (жинақтау) және т.б. Осының арқасында іздер құрылады. Табан өкше мен бас сүйектеріне (бірінші және бесінші бөлік) сүйеніп, сыртқы және тірек бөліктерінен құрылады.

Аяқтың артқы бөлігі тірек бөлігінен медиалдық (ішкі) және латериалдық (сыртқы) шеттерімен ажыратылған. Ол өзінің сыртқа қарай ісігін көрсетеді. Терінің сыртқы жағы нәзік болады. Әдетте оның беті іздерді құрамайды.

Табанның тірек қабаты ұлтан болып келеді. Ол табанның із жасаушы бөлігі.

Оқиға болған жерде жалаң аяқ іздерін көп жағдайда ешқандай қиыншылықсыз табуға болады. Ол үлкен және көрінетін іздер. Егер аз көрінетін немесе мүлдем көрінбейтін іздер туралы айтатын болсақ, оларға қатысты бірнеше қиын жағдайлар бар. Көп зат ізалушы затқа байланысты. Бір жағдайда жұмсақ құм болатын болса, келесі жағдайда паркет немесе лиолеум болуы мүмкін. Сондықтан іздерді табу мен алуда көптеген әдістер бар. Ең басында қылмыскердің қай жақтан келгендігін анықтайтын іздерді анықтау қажет, содан кейін оқиға болған жерде қалған іздер және ол жерден кеткенде қалдырған іздерді анықтау қажет.

Жалпы алғанда аяқ іздері қалыптасқан жағдайдағы әдістер мен тәсілдерге байланысты алынады: оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасындағы сипаттама; суреттеу; суретке түсіру; іздерді физикалық және химиялық тәсілмен алу, сол сияқты қол іздері; із алу материалына көшіру; бейнелеуге көшіру.

Көрсетілген зерттеу дактилоскопиялық зерттеудің жалпы ұснымы негізінде жасалған. Сонымен қатар ол кейбір ерекшеліктерге ие. Оның ең маңызды сәті - табанның із қалдырушы учаскесі мен сәйкестендіру белгілерінің

ерекшеліктерін анықтау. Сондықтан зерттеу тағайындау туралы қаулыда іздердің қай жерде және қай объектіде орнатылғанын көрсеткен жөн.

Зерттеудің келесідей маңызды сатыларын бөледі:

- а) алдын ала зерттеу;
- б) егжей-тегжейлі зерттеу;
- в) зерттеу қорытындысын бағалау;
- г) қорытындыларды рәсімдеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17 (2.7 бөлім).

№ 4 тақырып. Аяқкиім іздерін зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Аяқкиім іздерінің заты, объектілері мен міндеттері.
2. Аяқкиімнің жіктелуі (классификациясы), оларды оқиға болған жерде табу (Аяқ киім ізін зерттеу әдістемесі).

Дәріс тезистері

Аяқкиім іздерін зерттеудің заты болып адамның киген аяқкиімін идентификациялаумен байланысты фактілік мән-жайларды, соның ішінде қылмыстың жасалуының белгілі бір мән-жайларын анықтау табылады.

Негізгі идентификациялық міндеттерге келесідей анықтама жатады: оқиға орнында табылған аяқкиімнің ізі күдіктіден алынған аяқкиімнен қалдырылған ба.

Диагностикалық міндеттер өзіне - із қалдырған объектілердің қасиетін анықтауды кіргізеді: аяқкиімнің түрі мен өлшемін анықтау; із қалдырған адамның физикалық қасиеттерін: жынысы, бойы, жүрісінің ерекшеліктері және басқаларды анықтау.

Аяқкиімнің трасологиялық іздерін зерттеудің объектілері болып келесілер табылады:

- қандай да бір заттардың үстінде бейнеленген аяқкиімнің жапсырмалы іздері немесе ізді көшіру пленкасына көшірілген іздер;
- гипстің, полимерлік немесе силикондық паста және тағы басқалардың көмегімен дайындалған аяқкиімнің көлемді іздерінің қалыбы;
- сот фотографиясының ережелерін сақтау арқылы түсірілген іздердің фотобейнелері (фототүсірілімі);
- іздердің табылу уақыты мен жағдайлары, оларды бекіту тәсілдері мен оқиғаның жасалу механизмі туралы мәліметтер бар қылмыстық істің материалдары;

Идентификациялық зерттеу жүргізу үшін салыстырмалы материалдар-үлгілер ұсынылуы тиіс. Оларға келесілер жатады:

- күдіктінің оқиға болған жерде киюі мүмкін аяқкиімі. Егер де маманға аяқкиімді белгілі бір адамның кигені жөнінде сұрақ қойылатын болса, онда зерттеуге үлгі ретінде түрі мен фасоны ұқсас болатын, тиістілігі анықталып отырған сол адамнан алынған аяқкиім жолданады.

- зерттеудің объектісі ретінде іздердің жолы табылатын болса, онда күдіктінің іздерінің екі-үш экспериментальдық жолы. Іздердің экспериментальдық жолын алу кезінде күдікті типографиялық бояудың жұқа қабаты жағылған қабатты басады, немесе бояуды оның аяғының немесе аяқкиімінің табанына валиктың көмегімен жағып, оған қағаз лентаның бойымен жүріп-өтуіне ұсыныс жасайды. Егер де үлгілерді алу тергеушіге қиындық тудыратын болса, онда ол маман-криминалистің көмегіне жүгіне алады.

Оқиға болған орында табылған аяқкиімнің іздері келесілерді пайымдауға мүмкіндік береді:

- із қалдырған адамның жекебасы туралы (жынысы, бойы, шамаланған жас мөлшері);

- оның дене бітімінің (физикалық) күйі туралы (шектен тыс толықтылық, шаршауы, ақсаңдауы, мас күйде болуы және тағы сол сияқтылар);

- қозғалу манерасы туралы (сыртқы және ішкі жиегіне тіреу арқылы жүктемені аяқкиімнің табанына теңдей бөлу және тағы басқалар);

- аяқкиім туралы: оның түрі, фасоны, өлшемі, өкше өлшеміне және тозу сипатына сәйкес келуі (өкшенің сырты, артқы кесіндісі немесе орта бөлігінің қажалуы);

- қылмыстың мән-жайлары мен сипаты туралы: жасалған қылмысқа қатысқан адамдар саны, олардың қозғалуының бағыты мен кезектілігі, ену жолдары және тағы басқалар.

Аяқкиімнің іздері көрінетін және көрінбейтін, қабатты және көлемді болуы мүмкін.

Аяқкиімнің қабатты іздерін – ізді қабылдау қабатына байланысты қабатталған-іздерге, қабат алған іздерге, нашар көрінетін және көрінбейтін іздерге бөлуге болады.

Қабатталған іздер – бұл нәрсенің аяқкиімнің табанынан із қабылдаушы қабатқа көшуі нәтижесінде пайда болады.

Осыған сәйкес қабат алған іздер – бұл нәрсенің із қабылдаушы қабаттан із пайда болатын объектіге көшуі нәтижесінде пайда болады (дымқыл топырақты, қара топырақты және басқа сол секілді жерлермен жүру).

Нашар көрінетін іздер із пайда болатын заттың жеткіліксіз санында немесе із қабылдаушы қабатқа қатысты оның әлсіз контрасттылығында қалыптасады.

Көрінбейтін іздер контрасттылық емес іздік заттардың аз санымен жанасқанда немесе жалпы таза қабаттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады.

Қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Аяқкиім – «аяқты сыртқы әсер етушіліктен сақтауға, сонымен қатар утилитарлық және эстетикалық функцияларды атқаруға арналған бұйым».

Аяқкиім өлшемі – «табанның миллиметрлік ұзындығы».

Аяқкиімнің толықтылығы – «аяқкиім байламының ішкі нысаны қапсырмасының шартты белгісі».

Аяқкиімнің түрі – «аяқкиімнің жоғарғы детальдарымен аяқты жабу дәрежесімен айқындалатын аяқкиім жіктемесінің конструктивтік белгісі».

Аяқкиімнің артикулы – «технологиясының негізгі белгілерінен, конструкциядан, қолданылатын материалдардан тұратын аяқкиімнің қысқаша шартты сипаты. Бұйымның мақсатын анықтайды және сандармен белгіленуі мүмкін».

Аяқкиімнің моделі – «аяқкиімнің материалы мен сыртқы ресімделуі, жеке конструкциясының белгілері тән нақты бұйым».

Аяқкиімнің жіктемесі (классификациясы) әртүрлі негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін:

1. Өндірілу тәсілі бойынша.
2. Мақсаты бойынша.
3. Жоғарғы детальдарының материалы бойынша.
4. Табанына қолданылатын материал бойынша.
5. Төменгі детальдарының жоғарғы қалыпқа бекітілу әдісі бойынша.
6. Жоғарғы қалыбының биіктігі бойынша.
7. Жоғарғы және төменгі қалыптарының конструкциясы бойынша

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (2.7 бөлім).

№ 5 тақырып. Адамның тістерінің іздерін зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Адам тістерінің құрылуы және оның салыстырмалы белгілері.
2. Адам тістері іздерінің түрлері, оқиға болған жерде табу тәсілдері. (Адам тістерінің іздеріне сәйкес зерттеу әдістемесі)

Дәріс тезісі

Адам тістерінің іздері оқиға болған жердегі адам денесінде немесе тағамдық және тағамдық емес объектілерде кездесуі мүмкін. Көп жағдайда алғашқы екі топ криминалист мамандарымен зерттеледі, соңғысы сот дәрігерлер мамандарымен зерттеледі.

Айта кететін жайт, адамның тістерінің анатомиялық құрылымын оған тиісті ерекшеліктерінсіз (тістерді нысаны, тістеме аурулары, ақаулары және т.б.) зерттеулер жүргізіле алмайды. Адамның тістері өмірінде екі рет шығатын ерекше орган болып табылады.

Тіс- екі басты бөліктерден тұрады: қаптама (эмальмен қапталған, сыртқы бөлік болып табылады) және альвеолаға тіркелетін тамыр.

Үлкен адамның нормаға сай астыңғы және үстіңгі жақтарында симметриялық орналақсан оң жақ және сол жақ бөліктерінде 16 тістер орналасады. Беттің әр жағында 4 кесілген тіс, 2 азу тіс, 4 кіші тамыр (премоляр) және 6 үлкен тамыр (моляр) тіс. Тістер бір бірінен өлшеммен, формасымен тамыр саны және шайнау мен кесу белгілеріне сай ерекшеліктенеді.

Тістер жоғары температура және шіру мен сыртқы қатынастарға шыдамды болып табылады.

Сәйкестендіру зерттеуін жүргізу кезінде криминалист маман тістің аппаратының және жеке тістің жалпы және жеке белгілерін білу қажет.

Тістердің жеке сәйкестендіру классификациясының белгілері:

1. Тіс қатарының жалпы анатомиялық белгілері.
2. Тіс қатарының жалпы функцияналдық белгілері.
3. Жеке тістердің жалпы анатомиялық белгілері.
4. Тістердің жеке анатомиялық белгілері.
5. Тістердің жеке функцияналды белгілері.

Тістер іздерінің қалу процесі жақтардың қиын қимылдарының қозғалуынан пайда болады. Төменгі жақ қиын доға тәріздес қозғалыстарды вертикальды ғана емес, сондай ақ горизонтальды қозғалыспен пайда болады. Қорытындысында объект қисайып тістердің жеке белгілерін қабылдайды. Көрсету белгілері із қабылдайтын объектінің түрі мен жақтың басу күшіне байланысты. Осындай қимылдың әрекетінен адамның денесі мен басқа да объектілерде тістердің ізі пайда болады (тістеу, сырғанау және басу іздері). Тіс іздерін тез ертитін тамақтың үстінде тапса (май, маргарин, шоколад және т.б.) ол іздер тезірек алынып криминалистикалық зерттеуге жіберілуі тиіс. Көрсетілген іздер жиі ауыстыратын мұздатқышта, мұз бар қорапта, суық суда жақсы сақталады. Тез бұзылатын тағамдарды 0,5 формалин ерітіндісінде сақтайды. Ол объектінің бұзылу процессін тоқтатады.

Мәйіт денесінен табылған іздер, сипатталып, суретке түсірілгеннен кейін, денесінен алынған тері бөлігімен қоса арнайы ерітіндіде сақталады. Бұл ертініді формалинге қарағанда іздерді ешбір өзгеріссіз сақтайды.

Оқиға болған жердегі іздерді масштабты суретке түсіру ережесі арқылы, оқиға болған жерді қарау хаттамасын жазумен бекітеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (2.7 бөлім).

№ 6 тақырып. Киім іздерін зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Киім материалының классификациясы, технологиялық жасалуы мен конструктивті ерекшеліктері.
2. Киім іздерінің классификациясы және пайда болу механизмі.

Дәріс тезистері

Киім іздерін зерттеу криминалистикалық зерттеудің мүмкіншіліктерін артады және алдын ала тергеуде қойылатын сұрақтарға жауабын табуға көмектеседі.

Киімнің барлық бұйымдары арнайы және тұрмыстық деп бөлінеді. Олардың қолданысына сай тұрмыстық бұйымдар бес сыныпқа бөлінеді: а) ішкі; б) сыртқы; в) шұлықтық; г) қолғаптық; д) бас киім және орамалдық. Әр сыныпта киімнің тобы жынысына және жасына сай бөлінеді. Топтар бөлімшелерге киімнің мезгіліне сай (көктемдік-күздік, қыстық, жаздық) болып бөлінеді. Әр топтар киімнің бұйымдар түрлеріне бөлінеді. Арнайы киім адамды

жұмыс істеген кезде қолайсыз жағдайлардан қорғайды (қышқылдар, су, жоғары температура).

Трасологияда киім бөліктерінің іздері көлемді және үстіртін, статистикалық және динамикалық, боялған және түссіз болып бөлінеді.

Жеке киім іздерінде, өз іздерінен басқа дененің белгілі бір анатомиялық белгілері және киімді кию іздері көрсетіледі.

Қол ізі мен қолғап ізінің пайда болу механизмі жоғарыда көрсетілгендей. Олар жекелеген және топтасқан болуы мүмкін. Көрсетілген саусақ фалангілерін оның орналасуына, фалангааралық әжімдер мен флексорлық сызық бойынша ажыратуға болады. Қолғап іздерінде саусақаралық мата түрі көрсетіледі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (2.7 бөлім).

№ 6 тақырып. Киімдегі зақымдануларды зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Киімдегі механикалық зақымдардың түрлері және олардың сипатты белгілері.

2. Киімдерді криминалистикалық зерттеуге дайындау және жолдау. (Киімдегі зақымдарды зерттеу әдістемесі).

Дәріс тезистері

Киімдегі механикалық зақымдар зақымданған заттардың құрамын құрап, криминалистикалық мәліметтерді алудың көзі болып табылады. Зақымның пайда болу қасиеті әр заттың пайда болу мінезіне байланысты болады (кескінделген, шабылған немесе аралас болуы мүмкін).

Зақымдар бірнеше топқа бөлінуі мүмкін:

1. Пайда болу механизміне байланысты.
2. Объектке кіру дәрежесіне байланысты.
3. Формасына байланысты

Жұлынған матаға байланысты емес жыртылу сызықтық формамен мінезделеді. Бағытына байланысты ол жіп негізінің бағытына қарсы келеді (ерекшелік ретінде ескі матаның ескіруі) болып табылады. Жұлыну бір нүктеден басты жерге жетіп, тік бұрышты болып зақым келтіреді; жұлынудың шеттері түзу; зақымданған матаның жіптері жұлынған жаққа қарай бүктеліп, бір бойда болады. Зақымның ашық жерінде бөлінбеген жіптердің шет жағы болуы мүмкін. Ерекшелік ретінде сынық сызық беретін трикотаж матасы жатады. Трикотажды матаның арнайы сипаттамасына жақтардың зақымдануының айналуы болып табылады. Зақымның ашық жеріне бөлінген жіптер, шығарылған ілмектер жатады.

Әртүрлі іздер мен зақымдарды табу мақсатында киімді қарауды жүргізу, оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде жүргізу керек. Алайда оны толығымен зерттеу техникалық тәсілдер мен әртүрлі әдістерді қолдану арқылы тек қана лабораториялық жағдайда қолдан келеді. Сондықтан киімді криминалистикалық зерттеуге жіберу үшін білімге көп көңіл бөлінеді.

Киімді криминалистикалық зертеуге дайындау мен жіберуге байланысты сұрақтарға көп көңіл бөлу қажет. Ең басты сұрақ болып оқиға болған жерде киімді қарап-тексеру кезінде заттай дәлелдемелерді жоғалтпау немесе өзгерістер болмау болып табылады.

Оқиға болған жерде киім зақымы дене зақымына сай міндетті тексерістен өтеді. Сырт киімнен іш киімге қарай (пальто, пиджак, майка т.б.) кезекпен және қабатпен қаралады. Зерттеуге тек көрінетін зақымдар емес, міндетті түрде барлық зақымданған киімнің заттарын жібереді.

Киімді буып түйю кезінде бүктелу жағы зақымданған жерде болмауы қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (2.7 бөлім).

Практикалық тапсырма

№ 1 тақырып. Трасология: Жалпы ережелері. Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері. (1 сағат)

1-Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Трасологияның криминалистикалық техникада жеке бөлім ретінде қалыптасуы.

2. Трасологияның методологиялық функциясы.

Практикалық тапсырма:

Практикалық сабаққа дайындық кезінде курсантқа «Криминалистикалық техника 2 курс» (іздер туралы криминалистикалық ілім) өтілген № 1 Практикалық материалды қайталап өту қажет. Іздердің пайда болу механизмі мен олардың классификациясы жайында түсінігі және іздерді табу мен тіркеу туралы жалпы мәліметтер білу керек.

Практикалық сабақта курсанттар трасологиялық мінезді іздерді техника-криминалистикалық заттарды (сандық фотоаппарат) қолдану арқылы табу, тіркеу бойынша дағдыларын қайталайды. Сот фотосуреті қағидаларына сәйкес курсанттар оқиға болған жердегі іздерді тіркеп, нәтижесін фотокестеге жасау арқылы көрсетеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15 (2.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Іздер туралы криминалистикалық ілім. Трасологиялық идентификациялау мен диагностикалаудың негіздері (2 сағат)

1-Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Микротрасологияның жалпы мағынасы

2. Із туралы ғылымның жалпы ережелері.

Практикалық тапсырма:

Практикалық сабақта курсанттар трасологиялық мінезді іздерді техника-криминалистикалық заттарды (сандық фотоаппарат) қолдану арқылы табу,

тіркеу бойынша дағдыларын қайталайды. Курсант оқиға болған жердегі іздерді тіркеп, нәтижесін оқиға болған жерді қарап-тексеру туралы хаттамасының бір бөлігін сипаттау арқылы көрсетеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15 (2.7 бөлім).

2-Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Издердің пайда болу механизмі, классификациясы және көрінісі.
2. Заттар қылмыс ізі ретінде.

Практикалық сабақ:

Практикалық сабақта курсанттар трасологиялық мінезді іздерді техника-криминалистикалық заттарды қолдану арқылы табу, тіркеу бойынша дағдыларын қайталайды. Курсант оқиға болған жердегі іздерді тіркеп, нәтижесін оқиға болған жерді қарап-тексеру туралы хаттамасының бір бөлігін толтыру және фототаблица жасау арқылы көрсетеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15 (2.7 бөлім).

№ 3 тақырып. Адам аяқтарының іздерін зерттеу (4 сағат)

1-Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Практикалық сабақ кезінде курсанттар №1 зерттеу жүргізеді. (Аяқ киім зерттеуінің идентификациясының дұрыс қорытындысы).

Бақылау сұрақтары:

1. Адамның жалаң аяқ ізінің идентификациясының әдістемесі.

Практикалық тапсырма:

Практикалық сабақта курсанттар заттың бетіне түскен бірлі-жарым жалаңаяқ іздерін табу, қарап-тексеру және алдын ала зерттеу бойынша дағдыларды меңгереді, оларды өлшеу, сондай-ақ аталмыш іздерді сот фотосуреті қағидаларына сәйкес сандық фотоаппаратқа түсіріп сақтайды.

Әрбір курсант зерттеу нәтижесін қарап-тексеру хаттамасының іздерді сипаттау бөлігі ретінде ресімдеп, фотокесте құруы тиіс.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, (2.7 бөлімді қараңыз).

2-Практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Адамның жалаңаяқ іздерін алдын ала зерттеу.
2. Адамның жалаң аяқ іздерін егжей-тегжейлі зерттеу.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма бойынша курсанттар техникалық және криминалистикалық құралдарды пайдалана отырып, трасологиялық сипаттың іздерін табу, белгілеу дағдыларын дамытады. Оқиға болған жерде алдын ала зерттеу жүргізеді. Әр курсант жұмыс нәтижесін оқиға болған жердің сипаттама бөлігінде көрсету қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, (2.7 бөлімді қараңыз).

3-Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Жалаң аяқ іздерді зерттеудің нәтижесін бағалау.
2. Қорытынды жасау.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма бойынша курсанттар техникалық және қылмыстық құралдарды пайдаланып, адамның жалаң аяқтарын іздестіру, бекіту және жою дағдыларын меңгереді. Оқиға болға жерді алдын ала зерттеуді аяқтайды. Әр курсант жұмыс нәтижесін оқиға болға жердің сипаттама бөлігінде көрсету қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, (2.7 бөлімді қараңыз).

№ 4 тақырып. Аяқкиім іздерін зерттеу

1-Практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Іздерде қалатын аяқ киім табаны мен аяқ белгілері.
2. Аяқкиім іздерін зерттеу әдістемесі.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма бойынша курсанттар техникалық және криминалистикалық құралдарды пайдалана отырып іздерін табу және белгілеу дағдыларын меңгереді. Оқиға болға жерде табылған іздерге диагностикалық зерттеу жүргізеді. Әр курсант алдын ала зерттеудің нәтижелерін фотокесте құру арқылы көрсетеді.

2-Практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Аяқкиім ізі жолының алдын ала зерттеуі
2. Аяқкиім ізі жолының функционалды және анатомиялық белгілері

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырма бойынша курсанттар техникалық және криминалистикалық құралдарды пайдалана отырып іздерін табу және белгілеу дағдыларын меңгереді. Оқиға болға жерде із жолына диагностикалық зерттеу жүргізеді. Әр курсант алдын ала зерттеудің нәтижесін қарап-тексеру хаттамасының іздерді сипаттау бөлігі ретінде ресімдеп, фотокесте құруы тиіс.

3-Практикалық сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Көлемді аяқкиім іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу.
2. Үстіртін аяқкиім іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу.

Практикалық тапсырма:

Практикалық сабаққа дайындалу кезінде курсанттар келесілерді оқып-танысуы тиіс: техника-криминалистикалық құралдарды қолданып жеке, көлемді аяқкиім іздерін табу, бекіту және алу. Табылған із бойынша аяқкиімнің өлшемін анықтау.

Оқиға орнында алынған аяқкиім іздің диагностикалық зерттеуін жүргізу. Әрбір курсант зерттеу нәтижесін қарап-тексеру хаттамасының іздерді сипаттау бөлігі ретінде ресімдеп, фотокесте құруы тиіс.

4-Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Аяқкиім іздерін трасологиялық зерттеу әдістемесін жүргізу.
2. Аяқкиім іздері бойынша идентификациялық емес зерттеу жүргізу кезінде алдын ала зерттеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

